

СЫНЫП САҒАТЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

| | |
|-----------------------|--|
| Пән | |
| Мұғалім | Джанкеева Перизат Куанышбекқызы |
| Мектеп, сынып | Түркістан қаласы, №31 Абай атындағы жалпы орта мектеп, 4-сынып |
| Сабақ тақырыбы | Басты құндылық – рухани тазалық пен табиғатқа сүйіспеншілік |



www.bilimland.kz

| | |
|-----------------------|---|
| Мақсаты | Оқушыларға Елбасымыз Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласына байланысты іс-шаралардың жүргізілуі жөнінде түсінік бере отырып, туған жердің табиғатын сақтауды түсіндіру, қоршаған ортаның ластануы тіршілік иелеріне зиян келтіретініне көзін жеткізу, рухани сауатты, саналы болуға тәрбиелеу. |
| Көрнекіліктері | Табиғат көріністері – суреттер топтамасы, буклеттер, нақыл сөздер, «табиғатты қорғайық» ережелері, тәжірибеге қажетті заттар. |
| Дереккөздері | https://bilimland.kz/kk#lesson=13867 https://bilimland.kz/kk#lesson=13860 https://bilimland.kz/kk#lesson=13863 https://twig-bilim.kz/kz/learning-materials/human-impacts-pollution470 https://twig-bilim.kz/kz/learning-materials/human-impacts-pollution471 https://twig-bilim.kz/kz/learning-materials/human-impacts-pollution473 twig-bilim.kz/kz/film/pollution-air https://twig-bilim.kz/kz/film/wat-is-an-ecosystem https://twig-bilim.kz/kz/film/oil-spills |

Сабақ барысы:

Өтпелі кезеңде адам дүниетанымы мен ойлау жүйесіне сай жүріс-тұрысы мен іс-әрекеті жетілмей жатқанын пайдаланып, рухани сауатсыз, тіл мен дәстүрлі құндылықтардан айырылған, сөз ұстанымы жоқ, санасы жабық болған сәтте жүзеге асатын түрлі қауіптер қоғамда белең алуда. Ұрпақтың санасын қорғау, уланудан сақтау мақсатында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында қоғамның рухани ахуалы мен сол қоғамдағы рухани парасаттылық құндылықтарының жаңа жүйесін орнықтыруға тиіс екенімізді атап өтті. Сол себепті ұлттық мақсат-мүддемізге сай барлық оқу орындарымызды рухани-парасатты тәлім-тәрбие ортасына айналдыру арқылы білім беру көзделіп отыр.

Адамның рухани тазалығы:

- * *Ой-сана тазалығы;*
- * *гигиеналық тазалық;*
- * *ниет-пиғыл тазалығы;*
- * *іс-әрекет тазалығы;*
- * *адамдар арасындағы қарым-қатынас тазалығы;*
- * *қоршаған ортадағы табиғатқа тазалық.*

Дана халқымызда: «Жер бұлағымен сүйкімді, бұлақ құрағымен сүйкімді» деген сөз бар. Демек, туған жердің табиғатын түлету, оның табиғи байлықтарын сақтау және түрлі апаттардан қорғау біздің міндетіміз.

Мұғалім оқушылардың назарын интерактивті тақтадағы «Ауа», «Жер», «Су» сөздеріне аударып, осы сөздерге байланысты үстелден заттарды (доп, шар, су құятын ыдыс) таңдап алуды ұсынады.

Оқушылар таңдаған заттарын үстелдегі жазулардың (жер, су, ауа) жанына апарып, топтарға бөлінеді.

– Өздерің таңдаған зат пен сөздің арасында қандай байланыс бар?


1-оқушы: Мен шарды «Ауа» сөзінің тұсына қойдым. Себебі шардың іші ауамен толтырылған. Шардың ішінде ауа болғандықтан көлемі ұлғаяды.

2-оқушы: Мен допты «Жер» сөзінің тұсына апардым. Себебі жер шары доп тәрізді домалақ. Жер де айналып тұрады.

3-оқушы: Су – сұйық зат, оның пішіні болмайды. Суды тек ыдысқа құйып қана қолдана аламыз. Сол себепті мен ыдысты «Су» сөзінің жанына апардым.

1. «Біздің таңдауымыз»

«Ауа тобы»:




Оқушы: Табиғат байлықтарының ішіндегі тіршілік атаулының өмірлік өзегі, аңсар арманы – таза ауа.

Оқушы: Болмасын ауа ешкімнің арман, мұңы,
Ауадан артық ас жоқ жалғанда ұлы.
Ойлашы, кімге керек боламыз біз,
Жұтудан таза ауаны қалған күні.

Оқушы: Бола алмас аспан ұя зауалына,
Жауларды тартар уақыт жауабына.
Бомбасын жер мен суда сынатпаймыз,
Улауға жол бермейміз ауаны да.

«Су тобы»:



Оқушы: Табиғаттың көркін ажарландырып, жер бетін саялы баққа айналдыратын байлық көзі – су. Халқымыз ежелден-ақ суды қастерлеген.

Оқушы: Сулы жер – нулы жер.

Су-табиғаттың айнасы.

Судың да сұрауы бар.

Оқушы: Су деген тіршіліктің қаны емес пе?!
Су деген тіршіліктің жаны емес пе?!
Су жоқ жерде өмір жоқ, ол – ақиқат
Күміс су қара жердің сәні емес пе?!

Оқушы: Су жүргізер тіршіліктің тамырын ,
Су жоқ болса, тірлік тамам, бауырым,
Судың біздер біле тұрып маңызын,
Кер болған соң ұмытамыз қадірін.

«Жер тобы»



Оқушы: Жер – бүкіл тіршілік атаулының алтын ұя және аялы бесігі, құтты қоныс пен өсіп-өнер мекені.

Оқушы: Туған жер – алтын бесік, асыл анам,
Ауаңмен, ақ сүтіңмен асыраған.
Мен-дағы ұлың едім өзің тектес,
Алысқа несібесі шашыраған.

Оқушы: Адамдар, жер сенің аяулы бесігің,
Жер үстінде аштық тіршілік есігін.
Онымен кіндіктес жаның да, қаның да,
Жер-жаһанды аяла алақаныңда.

2. «Жер – ортақ үйіміз» (бейнебаян)

<https://twig-bilim.kz/kz/film/wat-is-an-ecosystem>



5. «Табиғаттың ластануы» бейнебаян twig-bilim.kz/kz/film/pollution-air



Мұғалім: Табиғаттың ластануына өнеркәсіптің дамуы әсерін тигізеді. **Өнеркәсіптің қоршаған ортаға әсері** <https://bilimland.kz/kk#lesson=13860>

Слайдты көрсете отырып оқушыларды ойларын қорытуға жетелейді.

а) **Топыраққа әсері:** ластанады, құнарлылығы нашарлайды.

ә) **Суға әсері:** мұнай өнімдерімен, радиоактивті заттармен ластанады.

б) **Ауаға әсері:** қышқылды жаңбырлар жауады, жер бетінің температурасы өзгереді, жанауарлар мен өсімдіктер өледі.

в) **Адамға әсері:** ағза әлсірейді, бой ақырын өседі, ауруға қарсы тұру қабілеті төмендейді.

Қазақстандағы ең көп ластанатын қалалар – Ленингор, Зырян

<https://bilimland.kz/kk#lesson=13863>

6. Тәжірибе. Судың ластануы.

– Ыдысқа су құю, судың бетіне автол майын құю;

– Нәтижесін болжау (балалардың пікірін тыңдау).

Бейнебаяндағы көрсетіліммен және **слайдтағы** мәліметтермен салыстыра отырып талдау жасау. <https://twig-bilim.kz/kz/learning-materials/human-impacts-pollution470>

<https://twig-bilim.kz/kz/film/oil-spills>

7. Қоқыс жинайтын орын тұрмыстық қалдықтар тасталатын жер <https://twig-bilim.kz/kz/learning-materials/human-impacts-pollution471>

Ойын: «Қоқысты сұрыптау».

Мақсаты: Қоқыс жәшікке тастауға болмайтын заттарды сұрыптау.

<https://bilimland.kz/kk#lesson=13867>

- Батареялар →
- Кітаптар
- Термометрлер →
- Тамақ
- Дезодоранттар →
- Тырнақ бояулар →




8. «Қалдықтардың екінші өмірлері ...» Жердің ластануын қалай азайтуға болады?

<https://twig-bilim.kz/kz/learning-materials/human-impacts-pollution473>

Қалдық заттардан қажетті тұрмыстық бұйымдар жасауға болатынына көз жеткізу. Оқушылар қажетсіз заттардан (СД диск, пакеттер, баклажкалар, қағаздар) жаңа бұйымдар жасайды. Жасаған бұйымдарын қорғайды.

9. Топтық жұмыс. «Ауа, жер, суды ластанудан қорғау» тақырыбында постер қорғау



«Жердің ластануын қалай азайтуға болады?» бейнебаяндағы мәліметтермен салыстырып қорытындылайды. <https://twig-bilim.kz/kz/learning-materials/human-impacts-pollution473>

10. «Мен үшін жаңалық болды» айдары.

- 1) Ең ұзақ сақталатын қоқыс қалдығы – **шыны**, жойылу мерзімі **1000** жылдан астам.
- 2) Ең жылдам жойылатын қоқыс қалдығы **жануарлар мен қилары 15 күн**.
- 3) Әлемдегі ең лас қала – **Чернобыль**. Ол жерде бүкіл әлемге қатерлі атом электр станциясы жарылған.
- 4) Әлемдегі ең таза қала – Канаданың **Калгари** қаласы .
- 5) Қазақстандағы ең көп ластанатын қалалар – **Ленингор, Зырян**.

Қорытынды

«Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ,
Табиғаттың мұны айтуға тілі жоқ», –
демекші, мұң-зарын бізге ашып айта алмайтын табиғатқа болашақ өмірдің тұтқасы ретінде сендер қандай үлес қосар едіңдер?

Мен

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Жастар елімізге шынайы көзбен қарап, өз тағдырларына өздері иелік ете алатын азаматтар болуы керек» деген болатын. Бұл ең алдымен адамның туған елге, туған жерге деген сүйіспеншілігінен туындайды. Туған жердің ауасы, суы, нуы – бәрі-бәрі тек жақсылықты бойына сіңірген табиғи таза, мөлдір, рухани құндылықтардың нұрынан құралады. Ендеше, Отанға деген шынайы махаббатты әркім өзінің адалдығы мен тазалығынан бастайтын уақыт жетті.